



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№50

(1892) Жұма, 12-желтоқсан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ МЕН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Президентке экономика мен қаржы жүйесінің жай-күйі және биылғы қаңтар-қараша айларында жүргізілген ақшанесие саясатының негізгі бағыттары жөнінде есеп беріліп, 2026 жылға арналған жоспар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа іскерлік белсенділік, инфляцияға ықпал ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру үшін қабылданған шаралар туралы айтылды. Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған макро-экономиканы тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті.

Мемлекет басшысына қаржы, валюта және мемлекеттік бағалы қағаздар нарықтарындағы жағдай, Ұлттық қор мен Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры активтерінің, алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері Ұлттық қордың валюталық активтері 4,8 миллиард долларға өсті. 11 айдағы инвестициялық табыс шамамен 8,2 миллиард долларды немесе 13,7 пайызды құрады. Есепті



кезеңде алтын-валюта резервтері 16,3 миллиард долларға немесе 36 пайызға ұлғайып, 62,1 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі биыл қаңтар-қараша айларында 2,6 триллион теңгеге немесе 11,7 пайызға артып, 25 триллион теңге болды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаппай цифрландыру барысы және Ұлттық

банктың цифрлық жобалары жөнінде баяндалды. Соның ішінде Антифрод орталықтың жұмысына, ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымдарын технологиялық тұрғыдан жүзеге асыруға мән берілді.

Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын сақтап, инфляцияны орташа 5 пайыздық

межеде ұстап тұру үшін барлық қажетті шараны қабылдауда.

Кездесу соңында Президент инфляцияны төмендетуге, қаржы нарығы мен цифрлық трансформация секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге баса назар аударып, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар тапсырма берді.

www.akorda.kz

КӨЛІК-ТРАНЗИТ САЛАСЫН ДАМУ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көлік-транзит саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Онда көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, қаржы министрі Мәди Такиев, жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев баяндама жасады.

Көлік министрлігінің мәліметінше, биыл 13 мың шақырым жол салынып, жөнделген. Автотасымалдаушылар 288 млн тонна жүк жеткізді (+1,7%), жолаушылар ағыны 1,5 млрд адамға жетті (+12,2%). Көліктік бақылауды автоматтандыру және электронды ілеспе құжаттарды енгізу жалғасуда. Авиацияда 139,6 мың тонна жүк өңделіп, 13,1 млн жолаушы тасымалданды. Темір жол тасымалы 380,3 млн тоннаны (+7,9 %) құрап, 16,4 млн жолаушы тасымалданды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, Транскаспий халықаралық көлік бағытының (ТХКБ) өткізу қабілеті ұлғайтылды, шетелдік серіктестермен тарифтік саясат үндесімді түрде

жүргізіліп, жүктерді жеткізу мерзімдері қысқартылды. Автожол инфрақұрылымын транзиттік және халықаралық дәліздерге басымдық бере отырып жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде контейнерлік тасымал көлемі өсті. Қазақстан-Қытай шекарасында пилотсыз тасымал мен бірыңғай электрондық декларацияны қамтитын «Ақылды кеден» жобасы жүзеге асырылып жатыр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қабылданған шаралар нәтижесінде биылғы 10 айда Қазақстан арқылы транзиттік тасымал көлемі 29 млн тоннадан асып, нақты өсім көрсетті.

Бұл ретте Премьер-министр транзиттік жүк тасымалы үшін бәсеке күшейіп бара жатқанын, әсіресе, халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі процестерді жылдам цифрландыру арқылы көлік-логистикалық жүйенің қолда бар әлеуетін белсенді түрде кеңейту қажет екенін атап өтті.

Президент Жолдауын жүзеге асыруда басым бағыттардың бірі жүк қозғалысына онлайн-мониторинг жүргізу,



мемлекеттік және жеке цифрлық платформаларды интеграциялау үшін толықтай цифрлық шешімдерді, оның ішінде Smart Cargo экосистемін енгізу болды. Алайда, бүгінде сервистердің барлығы бірдей қосылып, жұмыс істеп тұрған жоқ. Премьер-министр Көлік министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын аяқтауды тапсырды.

Жуырда өткен кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткен көлік-тасымал саласын дамыту үшін авиахабтарды дамытудағы басымдық баса айтылды. Осыған байланысты Үкімет ұшу географиясын кеңейту, жаңа шетелдік авиатасымалдаушыларды тарту, еліміздің әуежайлары арқылы жүк және жолаушылар ағынын арттыру бағытында жұмыс

жүргізуде.

Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, арнайы техниканы жаңарту және жолаушылар мен әуе компанияларына қызмет көрсету сервистерін цифрландыру жүзеге асырылуда. Мұның бәрі қазақстандық әуежайларды бәсекеге қабілетті өңірлік хабтарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Олжас Бектенов көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесін дамыту қажеттігін атап өтті. Қазірдің өзінде деректердің бірыңғай массиві жасалып, жүк қозғалысын бақылау модульдері іске қосылды, бірақ жүйенің қазіргі монолитті архитектурасы оны интеграциялау мен инновациялық шешімдерді енгізу кезінде қиындықтар туғызуда. Көлік министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, аталған жүйені ашық интерфейстері бар модульдік және масштабталатын архитектураға көшіру, көлік ағындарын болжау мен басқару үшін жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу тапсырылды.

Сонымен қатар Премьер-министр көлік-транзит саласы бойынша бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, автожол инфрақұрылымы сапасын жақсарту аясында жобаларды жүзеге асырудың цифрлық мониторингін қамтамасыз ету керек, өңір әкімдіктері 2026 жылғы 1 шілдеге дейін жергілікті жолдарды толық паспорттауды аяқтап, автоматтандырылған өлшеу стансаларын орнатуды жеделдетуі қажет. Іске қосылатын «Е-жолдар» жүйесі жолдардың жағдайын есепке алу, ақауларды тіркеу және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылау құралы болуы тиіс.

Жалғасы 2-бетте. ►

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ КӨЛІК-ТРАНЗИТ САЛАСЫН ДАМУ

Басы 1-бетте.

Өуе жүктерін тасымалдауда электронды құжат айналымына көшуді жеделдету үшін Көлік министрлігіне Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, 2026 жылдың 1 наурызына дейін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны аяқтау, кедендік, ветеринариялық және фитосанитариялық құжаттар бойынша деректер алмасуды автоматтандыру тапсырылды.

Темір жол саласында Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту бойынша қосымша шаралар әзірленеді.

Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту жөнінде шаралар әзірленеді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, желтоқсан айында мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстары аяқталады. Жақын арада 5 өткізу пункті іске қосылады. Осылайша, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы контурындағы барлық өткізу пункттері халықаралық стандарттарға сай болып, жүктердің жылдам өтуін қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Олжас Бектенов Көлік министрлігіне «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірге жұмыс қарқынын жеделдетіп, өткізу пункттерінің құрылысын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Аталған мәселе Премьер-министрдің тікелей бақылауында.

Сондай-ақ ведомство мен компаниялар әкімдіктермен бірлесіп, жеке инвестицияларды белсенді түрде тарта отырып, халық пен тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасауы қажет.

Жұмысты жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

www.primeminister.kz

АДАЛ ҰРПАҚ-АДАЛ АЗАМАТ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ

Елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер қабылданды.



Бұған дейін 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласында алты маңызды заң қабылданып, балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге, балалар саудасының алдын алуға бағытталған құқықтық тетіктерді заңнамалық деңгейде бекітті. Жаңа заңның қабылдануы балаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету шараларының жүйелі жалғасы болды.

Енді жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды асырап алу немесе қамқоршылыққа беру кезінде олардың туған-туыстарына басымдық беріледі. Егер жақын туыстары табылмаса, бала заңды некеде тұрған отбасына орналастырылады. Сонымен бірге бала асыраушы отбасында болған кезеңде оның заңды өкілінің сотқа тартылуы немесе психоневрологиялық немесе наркологиялық диспансерде есепке алынуы қамқоршылық міндетінен дереу шеттетуге негіз болады. Бұл норма баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар үстінен қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан азаматтарға бала асырап алуға, қамқоршылық жасауға немесе патронаттық тәрбиеге қатысуға тыйым салынады.

Бұдан бөлек, қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушылар енді жыл сайын денсаулығы, табыс көзі, тұрмыстық жағдайы және соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді тапсырып, өздерінің сенімділігін растауы тиіс.

Жаңа нормалар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау жүйесін күшейтіп, оларды отбасында тәрбиелеу жағдайларын тұрақты бақылаудың тиімділігін арттыруға, ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сарсенов Жетісу облысының полиция департаментіне барды.

Сапардың негізгі мақсаты – өңірлік полицияны цифрландыру барысын тексеру және енгізіліп жатқан технологиялардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігін бағалау.

Соңғы жылдары департамент құқық бұзушылықтардың алдын алу және жедел-қызметтік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи цифрлық шешімдерді жүйелі түрде енгізіп келеді. Тек осы жылдың өзінде негізгі жобаларды жаңғырту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды: ақпараттық-коммуникациялық жүйелер, бейнеаналитика құралдары, мобильді кешендер және смарт-технологиялар енгізілді.

Ауқымды бағыттардың бірі – «Кілеммен жабу» жобасын дамыту. Оның аясында бейнекамералардан түсетін деректерді Жедел басқару орталығына (ЖБО) және кезекші бөлімдерге жүйелі түрде шығару қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда облыс аумағында 43 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған, оның 20 мыңнан астамы ЖБО-ға қосылған. Облыстағы мектептердің басым бөлігі қазіргі қауіпсіздік талаптарына сай – бейнекамералар және «SOS» дабыл түймелерімен жабдықталған. Полицияның барлық қызметтік кабинеті 100% бейнебақылаумен қамтылған және ИІМ-нің бірыңғай «ЕГСВ-2» платформасына қосылған, бұл қызметтік әрекеттердің ашықтығын және бақылауды арттырады.

ДЕНСАУЛЫҚ

125 МЫҢ БАЛА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУМЕН ҚАМТЫЛДЫ

2025 жылы Қазақстан балаларға медициналық оңалтудың қолжетімділігін егәуір кеңейтті. «Қамқорлық» жобасы шеңберінде Атырау, Қызылорда, Алматы, Маңғыстау, Жетісу және Ақмола облыстарында 6 жаңа ауданаралық оңалту орталығы ашылды.

Ағымдағы жылы барлығы 125 мың бала оңалту көмегін алды.

Сонымен қатар, балалар денсаулығы саласындағы мамандандырылған бағдарламаларды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Елімізде «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасы және 2026-2030 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары әзірленді.

Құжат әр баланың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған барлық қолданыстағы

АТАУЛЫ КҮН

ЕРІКТІЛЕР САНЫ 300-ДЕН АСАДЫ

«Жетісу облысы мүгедектері бар адамдардың қоғамы» ҚБ және «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Еріктілер – Талдықорғанның жүрегі» атты еріктілер слеті өтті. Шара Халықаралық еріктілер күніне орай өткізіліп, жыл бойғы нәтижелер қорытындыланды әрі ең белсенді еріктілер марапатталды.

Бүгінде қалада 9 еріктілік YEҰ жұмыс істейді, ал тұрақты еріктілер саны 300-ден асады. Жыл басынан бері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асқан «Талдықорған қаласының еріктілер қызметін дамыту және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру» жобасы бойынша 20-дан астам шара өткізілді. Бұл жиындар еріктілікті кеңінен насихаттауға және қала тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталды. Негізгі басым-

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ТИІМДІЛІК

Сонымен қатар департамент 150 электрондық білезікпен толық қамтамасыз етілген және олар қазіргі уақытта қолданыста. Сервис моделі аясында облыстағы барлық сыртқы қызмет жаңа буындағы смарт-видеожетондармен жабдықталды. Бұл қызметтік іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі тіркеуге мүмкіндік беріп, азаматтардың сенімін айтарлықтай арттырады.

Қоғамдық орындарға кез келген оқиғаға жедел ден қоюға мүмкіндік беретін 25 «SOS» түймесі орнатылған. Азаматтарға ыңғайлы қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдаудың омниканалды жүйесі дамуда. Талдықорғанда «102» қосымшасы операторлары үшін

3 жұмыс орны құрылған, тағы 9 нүкте аудандық бөлімшелерде жұмыс істейді. Өңірде цифрлық радиобайланыс жүйелері де қарқынды дамуда – қазіргі уақытта Tetra және DMR жүйесінің 7 станциясы орнатылған. «102» желісі бойынша хабарламаларды автоматты тіркеуді қамтамасыз ететін ОЦУ 2.0 бағдарламалық қамтамасыз етуі аудандық деңгейге дейін енгізілген және тәулік бойы жұмыс істейді.

Жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуға: өңірде ПДД бұзушылықтарын тіркейтін Екіп-патроль G2 мобильді кешендері қолданылады. Сондай-ақ департамент қоғамдық тәртіпті бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолжетімсіз және ауылдық аймақтарды мониторингілеу үшін пайдаланылатын 43 ұшқышсыз ұшу аппаратымен жабдықталған.

Сапар қорытындысында министрдің орынбасары цифрлық технологиялардың негізгі бағыттарының жұмысын жеке тексеріп, жаңа жедел басқару орталықтарының функционалымен танысты, сондай-ақ өңірдегі апатты-қауіпті аумақтар мен жуырда ашылған аудандық ЖБО-ларды аралап көрді.

Ішкі істер министрінің орынбасарының бұл жұмыс сапары Жетісу облысы полициясының цифрлық трансформация үдерісіне баға берудегі маңызды кезең болды. Бүгінде өңір құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде қауіпсіз, технологиялық және ашық жүйе құруға нық қадам басып келеді.

ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми интернет ресурсы

және жоспарланған шараларды біріктіреді. Бұл Қазақстандағы мемлекеттің, ата-аналардың, педагогтардың, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметтер мен YEҰ-ның күш-жігерін біріктіретін алғашқы кешенді бағдарлама.

«Сырлы дыбыс» - есту қабілеті бұзылған балаларды қолдау жобасы. Ағымдағы жылы заң қабылданды, соған сәйкес 2026 жылдан бастап I-III дәрежелі есту қабілеті бұзылған балалар жергілікті бюджеттердің есебінен сүйек өткізгіштік операцияларынан кейін есту аппараттарымен және аудиопроцессорлармен қамтамасыз етілетін болады.

«Ажарлы келбет» - балаларға реконструктивтік көмек жобасы. МӘМС жүйесінде бет пен бастың туа біткен анатомиялық кемістіктері бар балаларға реконструктивтік және пластикалық операциялар енгізілді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет ресурсы

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Ұлтымыздың ұлы ұстыны — қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті

Тәуелсіздік: ҰРПАҚТАРЫМЫЗДЫҢ ЫРЫСЫ ОРТАЙМАСЫН, НАМЫСЫ ТАПТАЛМАСЫН!

Желтоқсан бір қуаныш, бір қайғы, жеңіс пен жеңіліс, бақыт пен сор, сатқындық пен жанашырлық, «күзге айналған көктемдердің» қилы тағдыры, кешегі мұз құрсауындағы сын сағат бейнеленген кезең. «Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштары — Желтоқсан қаһармандарының өшпес ерлігі біздің мемлекеттілік тарихымызға мәңгі жазылды». Тарихы терең, қасіреті қатпарлы желтоқсан көтерілісінің ызғары халық санасынан өшкен жоқ. Осынау қанқұйлы оқиғаны еске алу оңай емес. Десе де тарихтан тағылым түйіп, өткен күнге шолу бүгінге бағдар жасау баршаға ортақ парыз.


Еркебұлан АҚБОЛАТОВ,
«Қоғамдық келісім» КММ басшысы:



— Бұл күн — еліміздің тарихында ерекше орын алатын, еркіндік пен бірліктің символы. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстан әлемдік аренада өзінің орнын тауып, экономикасын дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген ауқымды реформаларды жүзеге асырды. Бүгінде еліміз жаңа белестерге көтеріліп, өркениетке қадам басуда. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы тәуелсіздік алғаннан бері маңызды рөл атқарып келеді. Ассамблея бірлік пен келісімді сақтаудың, этносаралық және конфессияаралық тұрақтылықты нығайтудың негізін қалаушы институт болып табылады. Әрбір этнос пен ұлттың өкілі өз мәдениетін, дәстүрлерін сақтай отырып, жалпыұлттық идея — Қазақстанның дамуына үлес қосуға ұмтылуда. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің көпұлтты қоғамының бірлігі мен татулығын бекемдей отырып, жаңа даму кезеңіне қадам басуға мүмкіндіктер туғызды. Бұл күні біз Тәуелсіздік жолында күрескен ата-бабаларымыздың ерлігін еске алып, олардың бізге қалдырған мұрасын құрметтей отырып, бірлігімізді нығайтып, болашаққа сеніммен қараймыз. Жетісу облысында да қоғамдық келісімді, ұлтаралық татулықты, бірлікті нығайту үшін ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Әрқайсымыз осы іске өз үлесімізді қосып, еліміздің гүлденуіне бағытталған барлық бастамаларды қолдаймыз. Ел Тәуелсіздігі мәңгілік болсын! Бірлік пен келісім жолында бәріміз бірлесіп еңбек етіп, елімізді алға жетелейік.

Әділет ЕДІЛҒАЗЫ,
№14 орта-мектеп гимназиясы тарих пәнінің мұғалімі:
— 1991 жылғы 16 желтоқсан — Қазақстанның тарихи тағдырында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінде Қазақстан халықаралық деңгейдегі абырой-беделі жоғары, стратегиялық бағдары айқын мемлекет ретінде болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді. Халқымыз бұған еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізді»-деген еді. Бүгінгі тыныштық пен тұрақтылық, өркендеу мен өрлеу жолындағы әрбір қадам тәуелсіздіктің тұғырын берік еткен халықтың қажыр-қайратының жемісі. «Ұрпақтарымыздың ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын!» — деп тілеген ата-бабаларымыздың арманы орындалды. Егемендік жолындағы халқымыздың көрген бейнесі мен тартқан тауқыметі жарқын күндерді сыйлады. Тәуелсіздік күні — өткенге тағзым, бүгінге шүкір, болашаққа нық сеніммен қарау күні.



айрықша орын алатын күн. Бұл — мемлекеттің дербестігін ресми түрде жариялаған сәт, сондай-ақ, халқымыздың бірнеше ғасыр бойы үздіксіз жалғасқан күресінің заңды нәтижесі. Тәуелсіздік — тек мемлекеттік құжатпен бекітілген саяси шешім емес; ол — ұлттық рухтың жаңғыруы, тарихи жадының толық қалыпқа келуі және болашаққа



дербес жол салған шешуші белес. Қазақ мемлекеттілігінің бастауы түркі дәуіріндегі саяси құрылымдардан бастау алады. XV ғасырда Қазақ хандығының құрылуы халықтың бірлікке бет бұрып, өз дербестігін айқындаған кезең болды. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ халқы мемлекеттілікті сақтап қалу жолында тарихи табандылық танытты. XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс ұлттық еркіндікті қайта қалпына келтіруді мақсат етті. Ал XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекеттілік идеясын жаңғыртып, оның ғылыми-идеялық платформасын жасады.

Бұл тарихи сабақтастық — тәуелсіздікке жеткізген саяси және рухани үрдістердің толық тізбегі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы — ұлттық санадағы серпілістің шарықтау шегі. Алматы жастарының әділетсіз саясатқа қарсы ашық шығуы қоғамдағы еркіндікке деген сұраныстың күшейгенін

дәлелдеді. Желтоқсан — тәуелсіздікке бастап берген соңғы тарихи көпір. 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң елдің халықаралық құқық субъектісі ретінде мойындалуына жол ашты. Мемлекет өзінің дербес экономикалық, білім беру, мәдени және саяси жүйесін қалыптастыруды бастады. Ұлттық тілдің қолдану аясы кеңейіп, тарихи деректерге қатысты идеологиялық бұрмалаулар түзетілді, жаңа тарихи сана орнықты.

Тәуелсіздік — мен үшін оқулықтағы тақырып немесе белгілі бір тарихи деректер тізбегі ғана емес. Ол жас ұрпақтың бойына сіңірілуі тиіс рухани негіз, елдің болашағын айқындайтын құндылық. Сабақ барысында мен әрдайым оқушыларға тәуелсіздік бір күнде келген жетістік еместігін, оның артында сан буынның күресі, төгілген тері, елдікке деген ұмтылысы тұрғанын түсіндіруге тырысамын. Тарихты үйретудің басты мақсаты — оқушыға өткенді жаттату емес, оның мәнін түсіндіру. Әрбір оқушы елін сүйген, ертеңіне бейжай қарамайтын азамат болып қалыптасуы үшін тарих оны тәрбиелеуі тиіс. Мен үшін сабақ тек білім беру процесі емес, жас тұлғаның азаматтық бейнесін қалыптастыру алаңы. Бүгінгі ұрпақ тәуелсіздіктің балалары. Олар еркін елде дүниеге келіп, еркін ой айта алатын ортада өсіп жатыр. Бірақ сол еркіндіктің жауапкершілігін сезіну ұстаздардың негізгі міндеті. Біз жастарға адалдықтың, әділдіктің, жауапкершіліктің және ұлтқа қызмет етудің қоғам үшін неге маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Мен үшін ең үлкен мақсат әрбір оқушыға тәуелсіздіктің мәнін тек естіртіп қоймай, оны жүрегімен сезіндіру. Өйткені тәуелсіздікті құрметтеу оны қорғауға дайын болудан басталады. Елдің болашағы — осы балалардың қолында. Олар тәуелсіздікті бағаласа, елін сүйсе, рухын жоғалтпаса біз өз міндетімізді

орындағанымыз. Тәуелсіздік — өткеннің аманаты, бүгіннің жауапкершілігі және болашақтың темірқазығы. Оны сақтау қоғамның да, мемлекеттің де, білім берудегі әрбір ұстаздың да ортақ миссиясы.

Еркебұлан АЙДЫМБАЕВ,
Бикен Римова атындағы Академиялық драма театрының актері:



— Бұл күн әр қазақстандықтың жүрегінде мақтаныш пен қуаныш ұялататын, тарихымыздағы ең қастерлі де қасиетті мереке. Біз осы күнге ғасырлар бойғы ұлттық арманның, ата-бабаларымыздың ерлігі мен даналығының арқасында қол жеткіздік. Мен Бикен Римова атындағы Академиялық драма театрының актері осы азат елдің өнерін дамытуға үлес қосып жүрген азамат ретінде, тәуелсіздіктің әрбір жас буынға берген мүмкіндігін ерекше атап өткім келеді. Менің өнерге деген құштарлығымды орындаған Тәуелсіз Қазақстан. Еліміздің берген мүмкіндігінің арқасында мен 2010 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер Академиясын драма театры және кино актері мамандығы бойынша жоғары біліммен тәмамдадым. 2011 жылдан бастап, міне, киеді қара шаңырақта қызмет етіп келемін. Біздің театрдың тарихы тәуелсіздік жолындағы күреспен тығыз байланысты. Өйткені, театр сахнасында халқына рухани азық беріп, сахна терінде жүрген Сағындық Жұмаділ, Базарбек Тоқымтаев сынды өнер майталмандары 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, ұлт азаттығы үшін күрескен. Олардың сол кездегі ерлігі мен өнерге деген адалдығы — бүгінгі Тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі. Біз бүгінгі бақытты өмірімізді сол ұлы тұлғалардың арқасында деп білеміз. Бүгінде тәуелсіздіктің арқасында біздің театрға үлкен жағдай жасалып жатыр. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың нәтижесінде, біз ұжым болып өнердің жаңа биіктеріне ұмтылудамыз. Біздің театр тек қана өз сахнамызда ғана емес, сонымен қатар республикалық деңгейдегі фестивальдерде, тіпті халықаралық гастрольдік сапарларда да өнерімізді паш етіп жүрміз. Біз өзіміз де үлкен халықаралық шара — «BIKEN FEST» III халықаралық фестивалін жоғары деңгейде өткізіп, әлемдік өнер алаңында қазақ өнерінің орнын айқындай түстік. Бұл жетістіктердің барлығы тәуелсіз елдің мәдениетке деген қамқорлығының жемісі. Мен бүгінде театрдың көркемдік кеңесінің мүшесі ретінде де, қазақ өнерінің дамуына үлес қосудамын. Қадірлі жерлестер! Біздің міндетіміз — осы тәуелсіздіктің тұғырын берік ұстап, ұлттық өнерімізді, мәдениетімізді әлемге таныту.

Назәрке ӘДІЛБЕКОВА

МЕНИҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫМ – ҚАЗІРГІДЕЙ ТҮРЛІ ҚАТЕРГЕ ТОЛЫ АЛМАҒАЙЫП ЗАМАНДА ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан



ЕРНАТ БӘЗІЛ:

«МЫ ЗНАЕМ, КАКИЕ ЕСТЬ ПРОБЛЕМЫ В ГОРОДЕ И КАК ИХ РЕШАТЬ»

Аим города Талдыкорган Ернат Бәзіл выступил на площадке региональной службы коммуникаций и рассказал об итогах социально-экономического развития областного центра за прошедший период текущего года.

жобаға кепілдік (1,3 млрд теңге) және 3 жобаға мемлекеттік грант берілді (15 млн теңге). Жалпы бұл салада 39 мыңнан аса жұмыс орны қамтылған.

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

Аграрный сектор Талдыкоргана демонстрирует устойчивый рост. В текущем году посевные площади сельскохозяйственных культур составили 6 206 га: осенняя пшеница - 180 га, осенний ячмень - 140 га, яровая пшеница - 80 га, яровой ячмень - 160,5 га, кукуруза - 580 га, соя -

2122 га, рапс - 6 га, сахарная свекла - 89 га, картошка - 595 га, кукуруза - 177 га, бахчевые культуры - 21 га, многолетние травы - 1022,5 га.

На сегодняшний день уборка культур успешно завершена. Урожайность остается высокой. Всего собрано 61,5 тысяч тонн продукции. Все работы выполняются с использованием современных технологий, что в свою очередь дает возможность достигать положительных результатов.

В целях поддержки городских сельхозтоваропроизводителей через кредитную корпорацию в рамках государственной программы «Кең дала» были выданы льготные кредиты 13 крестьянским хозяйствам (317,8 млн тенге), приобретены 8 единиц сельскохозяйственной техники на сумму 162 млн тенге.

Таким образом, ожидаемый объем валовой продукции сельского хозяйства составит 39,4 млрд тенге, темп роста - 103,3% (2025 г. – 36,6 млрд тг).

СТРОИТЕЛЬСТВО

Объем строительных работ составит 54,0 млрд тенге, в сравнении с аналогичным периодом прошлого года есть значительная динамика роста - 14,3% (2024 г. - 46,7 млрд тг).

В целях обеспечения жителей доступным жильем завершено строительство 107 домов в коттеджном городке «Береке» (9,6 тыс. кв.м.).

На стадии завершения строительства 2 кредитных многоэтажных домов на 170 квартир (пятиэтажный №30 - 7,1 тыс. кв.м. и №31 - 4,7 тыс. кв.м.) в микрорайоне

«Бірлік».

В жилом массиве «Ынтымак» начато строительство 5 многоэтажных домов на 200 квартир (13,2 тыс. кв.м.). Срок завершения строительства запланирован на конец 2026 года.

Кроме этого, разработана проектно-сметная документация для строительства 14 многоэтажных жилых домов в коттеджном городке «Береке», на сегодняшний день проект проходит экспертизу (34,7 тыс. кв.м.).

В рамках программы «Реновация жилищного фонда» собственникам 19 аварийных домов было предоставлено новое жилье.

За счет частных застройщиков завершено строительство 13 многоэтажных домов на 560 квартир или 56,0 тыс. кв.м. («ФНБ Самрук-Казына» - 4 дома на 240 кв., «Астория» - 2 дома на 90 кв., «Гакку курылыс» - 2 дома на 46 кв., «ИСК Еңбек - Казына» - 1 дом на 14 кв., «Жетысу-Жил-Строй» - 4 дома на 170 кв.).

Кроме этого, в жилом массиве «Жастар-3» продолжается масштабное строительство, где запланировано построить 790 жилых домов. На сегодняшний день построено 307 домов, из которых 56 домов

распределены среди очередников категории СУСН, документы 74 домов направлены в «Единый центр обеспечения жильем» АО «Отбасы банк» для дальнейшего распределения. В последующем документы 177 домов поэтапно будут направляться в АО «Отбасы банк».

Жилой массив «Жастар-3» полностью обеспечен природным газом, водоснабжением, канализацией и уличным освещением. В этом году начато строительство дорожной инфраструктуры общей протяженностью 11,8 км (21 улица), из них строительство 3,6 км завершено (7 улиц). Учитывая рост населения, для данного жилого массива планируется разработка проектов для строительства школы, медицинского учреждения, участкового пункта, парков и скверов.

«Как всем известно, основными направлениями застройки города определен юго-западный жилой район, где запланировано строительство 22 многоэтажных домов (микрорайоны 11 и 12). Дополнительно в этом году завершена работа по разработке проектно-сметной документации для строительства 18 многоэтажных домов и разрабатывается проект для строительства магистральных инженерных сетей на правобережье реки «Каратал». При выделении бюджетных средств данные проекты будут реализованы поэтапно», - отметил глава города.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Биылғы жылы Талдыкорган қаласы жолдарының құрылысына, күрделі жөндеуге және күтіп ұстауға 13,8 млрд теңге (2024 ж. – 7,7 млрд теңге) бөлінді.

Қазіргі уақытта жаңа жол құрылысының ірі жобалары бойынша «Солтүстік-Батыс», «Жастар-1», «Жастар-3» тұрғын алабында және «Құлагер», «Бірлік» шағын аудандарында жалпы 128 көшеге жол салу жоспарланып, бүгінгі таңда 107 көшеге асфальт жабындысы төселді. Қалған жұмыстар 2026 жылы толығымен аяқталады.

Сондай-ақ «Шығыс», «Көктал», «Жастар-2» және 3-бөлімше тұрғын алабында 75 көшеге күрделі жөндеу жүргізілуде (14,3 млрд теңге, 57,9 шақырым). Соның ішінде «Шығыс» шағын ауданында жұмыстар толығымен аяқталды.

«Көктал», «Жастар-2» және 3-бөлімше тұрғын алабында 34 көшеге асфальт жабындысы төселді (31,5 шақырым, төменгі қабат). Жұмыстар 2026 жылдың соңында аяқталады.

Орташа жөндеу жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды, атап айтқанда: Қабанбай батыр (Абай көшесінен Алдабергенов көшесіне дейін), Жансүгіров (Қарағайлы көшесінен Қаратал өзеніне

СОҒЫ 3 ЖЫЛДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикасын арттыру мақсатында нақты 7 өзекті міндетті айқындады. Қазіргі таңда қаламызда ауылшаруашылық, өңдеу өнеркәсібі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен инфрақұрылымды жаңғырту және инвестиция тарту сияқты салаларды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. 2025 жылы жалпы экономикалық өсім 107%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш – жүйелі жұмыстың нәтижесі», - деп баяндамасын бастаған шаһар басшысы әрі қарай қаланың әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне нақтылай тоқтады.

Жыл соңына дейін 85 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған (2024 г. - 77,6 млрд тг), оның ішінде жеке инвестициялар – 53 млрд теңге. Өсу қарқыны - 104%.

Өнеркәсіп өнімін өндіру 174,4 млрд теңге көлемінде жоспарланып (2024 г. - 170,4 млрд тг), өсім 101%-ды құрады.

Биыл жаңа ірі жобалардың қатарында газбетон блоктарын шығаратын «Стальбетон» зауыты (50 жұмыс орны), «DENK» әуе желілеріне арналған электр жабдықтарын өндіру зауыты (40 жұмыс орны), «Дәмді» кондитерлік өнімдерді өндіру цехы (33 жұмыс орны) және керамикалық плиталар шығаратын «Алмаз Керамикс» (100 жұмыс орны) зауытының кеңейтілген өндірісі ашылды. Сонымен қатар, «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауытының жаңа желісі іске қосылды (150 жұмыс орны). Нәтижесінде, 400-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылды.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау аясында биыл 2,8 млрд теңгеге 49 жоба қаржыландырылды, оның ішінде 24 жоба субсидияланды (1,4 млрд теңге), 22

дейін Рүстембеков, Гагарин, Ақылбеков көшелері, «Шығыс» шағын ауданында 5 көшеге (Құсайынов, Шадрин, Сеңгірбаев, Олонцев, Тольятти) және Өтенай ауылында 4 көшеге (Шайқорған, Бейбітшілік, Жетісу, Жамбыл) жаңа асфальт салынды. Келесі жылы 8 көшені, яғни 27,5 шақырым жол жөндеу жұмыстары жоспарға енгізілді.

Жалпы 2025 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 89%-дан 91%-ға дейін ұлғаяды.

Тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау және қауіпсіз орта құру мақсатында жаңа 8 бағдаршам орнатылып және оқушылар қауіпсіздігі үшін мектеп маңайындағы 12

Основными приоритетами были определены микрорайоны, где на протяжении долгих лет не проводились работы по благоустройству. Так, в микрорайонах «Ұлан», «Жұлдыз» и «Жетісу» полностью завершены работы по благоустройству дворовых территорий, которые превратились в современные, безопасные и уютные места для жителей.

Параллельно реализовывалась программа «Бюджет народного участия», где предусмотрено 20 проектов по устройству детских площадок.

В этом году в новом микрорайоне «Құлагер» построен современный парк. В микрорайоне «Бірлік» завершены работы по благоустройству сквера.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

Биыл құрылысы басталған «Өркен» спорт кешенінің аумағында Көркем гимнастика кешенінің құрылысы аяқталды.

Сондай-ақ, көпфункционалды спорт кешенін салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. Бұл жобада баскетбол мен волейболға және күрес пен боксқа арналған жабық залдар, сондай-ақ футбол ойындары үшін ашық алаң қарастырылған. Қажетті қаражат бөлінген жағдайда құрылыс кезең-кезеңімен басталады.

Білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында Білім-инновация лицейі 300 орынға арналған жаңа корпусының құрылысы басталып, жоспарға сәйкес 2026 жылы қолданысқа беріледі.

«Құлагер» және «Батыс» тұрғын ауданында әрқайсысы 1200 орындыққа арналған мектеп салу жоспарлануда. Осыған байланысты бүгінгі күні сараптамадан өту сатысында тұрған жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Сондай-ақ, тұрғындардың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында «Бірлік» шағын ауданында жаңа учаскелік полиция пунктін салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Жоғарыда аталған жобаларды іске асыру мақсатында 2026 жылға арналған тиісті бюджеттік өтінім қалыптастырылды.

Өтенай ауылында күніне 100 пациентті қабылдауға арналған үшқабатты амбулатория салынды. Бұл медициналық мекеме барлық қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған және ауыл тұрғындарына кешенді қызмет көрсету үшін 44 жоғары білікті маман қызмет атқарады.

Биыл Оңтүстік-Батыс ауданында ауысымына 500 келушіге арналған емхана құрылысы және Қаратал өзенінің оң жақ жағалауында 150 орынды мүмкіндігі

количество которых увеличится еще на 4 единицы после утверждения маршрута по решению городского маслихата. На следующей неделе будут запущены еще два новых маршрута – №28 (дача «Красный камень» – областная больница) и №29 (новые жилые микрорайоны – индустриальная зона). В общем на них будет работать 8 новых автобусов с увеличением в последующем их количества до 16 единиц.

Горожан и гостей города не менее интересует вопрос: почему все построенные дома в 6-7-8 жилых районах одного цвета и одной формы, неужели нельзя разнообразить их? Эти проекты 2019-2020 годов, отметил Ернат Бәзіл, и ввести в них изменения уже не смогли. На сегодня Генеральный план города Талдыкоргана прошел согласование со всеми министерствами и передан в Правительство, которое должно утвердить его в новом году. В данном плане есть свой дизайн-код, к примеру, фасады 30 домов по центральной улице Жансугурова от кольца до Абылай хана будут обновлены современными материалами и красивыми цветовыми гаммами и т.п.

Не раз поднимается вопрос о том, чтобы одной из улиц города дать имя Саина Муратбекова – известного казахского писателя, журналиста, сына земли Жетісу. Как отметил спикер, этот вопрос находится на контроле. В текущем году несколькими улицами города были даны имена только ветеранов Великой Отечественной войны. По заданию республиканской и областной ономастической комиссий в рамках Дорожной карты на 2026-2028 годы управлением общественного развития внесены предложения о переименовании улиц на имена Саина Муратбекова, Сакена Жылкайдарава, Батимы Сакауовой и других исторических личностей. Все остальное зависит от



жаяу жүргіншілер жолына жарық шамдары орнатылды. Сонымен қатар, қала бойынша халықтың жоғары сұранысын ескере отырып, 36 жаңа аялдама орнатылды.

Гаухар ана көшесінде бұрынғы біржақты қозғалыс екіжақты қозғалысқа ауыстырылып, «Ынтымақ-Орталық» бағытында жаңа қоғамдық көлік іске қосылды (№27 маршрут, қазіргі уақытта 4 авт., жоспар – 8 авт.).

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қалада тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Биыл «Ынтымақ» тұрғын ауданында 44 шақырым көріз желілерінің құрылысы аяқталды. Қала аумағында ұзындығы 89,4 шақырым су құбыры мен көріз желілерін салу және реконструкциялау жұмыстары басталды. Еркін ауылының негізгі көшелерінде 4,2 шақырым су құбыры салынуда, жұмыстардың аяқталу мерзімі – 2026 жыл.

Түнгі уақытта тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көше жарығын орнату жобалары қарқынды іске асырылуда.

Халық «Хутор» деп атап кеткен аумақта 1032 шам және 50 шақырым жарықтандыру желілері орнатылған. «Шығыс» шағын ауданында 660 шам орнатылып, 22 шақырым электр желілері салынды.

Қаланың маңында орналасқан саяжайлар да назардан тыс қалмайды. Бүгінгі таңда 814 шам орнатылып және 24 шақырым жарықтандыру желілері тартылды. Бұл жұмыстар 2026 жылы да жалғасын табатын болады (жалпы - 3,5 млрд тг: 2025 ж. - 1,7 млрд тг, 2026 ж. - 1,8 млрд тг).

Ағымдағы жылдың қазан айында «Алматы – Өскемен» трассасы бойындағы «Береке» коттедж қалашығы маңында жарық шамдары іске қосылды. Бұл жоба тұрғындар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

В рамках реализации проекта «Таза Қазақстан» акиматом города было организовано множество акций с привлечением неравнодушных жителей города. В результате было вывезено более 7 тысяч тонн мусора и высажено 12 тысяч саженцев. Установлено 20 фотоловушек, которые следят за чистотой города.

В городе продолжается масштабная работа по благоустройству дворовых территорий многоэтажных жилых домов.



Также проведены значительные работы по ремонту кровель и обновлению облика многоквартирных жилых домов для формирования единого архитектурного стиля. В частности, в этом году завершен ремонт 39 кровель и обновлены фасады 20 домов, то есть проведены ремонт и покраска стен, демонтаж старых и монтаж новых балконов с полным застеклением.

Не остается без внимания и центральная часть города. В 2024 году начались планомерные работы по демонтажу незаконно возведенных торговых объектов.

Следующим этапом стало полное благоустройство «Арбата» по улице Біржан сал (от улицы Гаухар ана до проспекта Назарбаева). В целях обновления устаревших фасадов торговых объектов, расположенных вдоль «Арбата», ведутся результативные переговоры с предпринимателями. Теперь Арбат — это место, где жители могут гулять, отдыхать, встречаться с друзьями и проводить время с семьей на свежем воздухе в комфортных условиях.

«Акимат города при поддержке главы региона предпринимает множество усилий для создания соответствующих условий для граждан. Учитывая этот факт, необходимо отметить высокую роль жителей города в формировании экологической культуры в обществе и бережного отношения к окружающей среде», - подчеркнул спикер.

шектеулі тұлғаларға арналған оңалту орталығының құрылысы басталды.

Облыс әкімінің қолдауымен 2-қабатты «Жанұя» отбасын қолдау орталығы қолданысқа берілді. Бүгінгі күні орталықта қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсетіледі. Тегін құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмектің 12 түрі ұсынылады.

ДИАЛОГ «АКИМ – СМИ»

В ходе открытого диалога акиму города было задано более 20 вопросов.

Одним из первых и наиболее острых стал вопрос обновления парка общественного транспорта: большинство автобусов не выдерживают никакой критики. По словам акима, это, в действительности, так. На сегодня 130 курсирующих по городу автобусов были приобретены в 2011-2012 годах, 22 – в 2019 году, оставшаяся часть – в 2021-2022 годах. В городе всего 26 городских маршрутов, на которых работают 7 пассажироперевозчиков. Несмотря на трудный диалог с перевозчиками, со стороны МИО поясняется необходимость обновления транспортного парка. В настоящее время объявлен новый конкурс, готовится конкурсная документация, одним из требований которой является приобретение автобусов 2024-2025 годов. За это перевозчик получает наибольший балл, соответственно, больший шанс работать на городских маршрутах. Вместе с этим, как уже сказано выше, запущен новый маршрут №27, приобретено 4 новых автобуса,

решений и утверждений вышеуказанных ономастических комиссий.

В связи с приближением Нового года журналистов заинтересовал и вопрос нового года оформления. По словам акима города, до 2020 года были приобретены 3 елки. Одна из них останется в парке Жастар, две другие будут установлены в Еркінском и Өтенайском сельских округах. На центральной площади появится новая елка с новым оформлением. В целом на установку и оформление всех елок выделены средства в размере 27 млн тенге. Вместе с этим определен и план мероприятий в рамках программы зимнего фестиваля.

Представители СМИ также затронули вопросы: полива саженцев и ухода за ними, застройки правобережья реки Каратал, устройства автопарковок для частного транспорта, функциональности беседок в скверах, работы с людьми без определенного места жительства, группировавшихся на Арбате, состояния улицы Даирова в районе центрального рынка, наличия пробок в часы пик на железнодорожном переезде по улице Абая, связи с председателями КСК, отсутствия уличного освещения и газа в отдельных местах города и др.

Отвечив на все вопросы, Ернат Бәзіл отметил, что в целом он и его команда готовы к любой критике, и сегодня они 100-процентно знают, какие в городе имеются проблемы, как их решать и как дальше развиваться.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ БАҒДАР

Ата тарихын білген ұлттың бүгінгісі бүтін, келешегі кемел болмақ. Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жас ұрпақты елінің тарихын құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға



тәрбиелеу. Осы мақсатта жасалған ерекше жобалардың бірі – №39 «Асықата» жалпы білім беретін мектебі тарих пәнінің мұғалімі Гүлжанар Шоқанның «Ұлы тарихи тұлғалар тарихы» қолданбалы курсы бойынша авторлық бағдарламасы.

Бұл бағдарлама – мектеп оқушыларына арналған, тұлғалық бағытталған, тереңдетілген тарихи білім беруге арналған тың бастама. Ол ғасырлардың қойнауында ерекше із қалдырған, ел тағдырын өзгерткен, ұлттық бірегейлікті айқындайтын тұлғалардың өмірі мен енегесіне терең үңілуді көздейді.

«Ұлы тарихи тұлғалар тарихы» қолданбалы курсында халқымыздың ұлы тұлғаларының болашақ ұрпақ үшін жасаған ерлік істері мен тасқа таңбаланған шешендік сөздері, оқулықта қамтылмай қалған ой иірімдері, іс-әрекеттері туралы мағлұматтар молынан берілген. Аталған авторлық еңбек оқушылардың ғылыми қызығушылығын, ізденімпаздығын арттыратын патриоттық тәрбие, сапалы да терең білім беру құралы болып табылады. Курс арқылы жас буынды Отанды қорғауға, тарихты білуге, жауапкершілікті сезінуге дағдыландырып, өткен мен бүгінгі оқиғаларды салыстырып, болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік зор.

Тарих пәнінің мұғалімі Г.Шоқан авторлық бағдарламасының кіріспесінде: «Ата қазақтың арғы тарихының бастау алуы ғасырлар тереңінен жалғасқан. Ұлы дала билеушілерінің заңы ел басқару кезіндегі жыраулардың, хандар мен сұлтандардың қайсыбір әрекеттерін мақұлдап, дәріптеп немесе сынады. Керей хан мен Жәнібек хан өз елін тарихтың барлық қиын жолынан аман алып өтті. Олардың қазақ хандығын өз қолдарымен құруы тарихта мәңгілікке қалды. Қазақ ордасында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталған әдеп-ғұрып, дәстүр, салт ережелері өмірге келді. Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты заңы ханның тұсында кемелденген заңдық үрдісті одан әрі дамытып, жалғастырды. Жалпы халықтың, рулар мен тайпалардың арасындағы алауыздықтар мен үш жүздің арасындағы қайшылықтардың тоқтауына үлкен әсерін тигізді. Осы үдерістерді жүзеге асыру барысында қазақ хандығы мамыражай кезеңді басынан өткізіп, ең бір өркендеген «Алтын ғасыр» саналды. Кейінгі қоғамның дамуына байланысты біртіндеп өзгертіліп, жетіліп отырған заңдар бүгінгі таңда заман талабына сай өзгертіліп, тиімді жақтарымен толықтырылып отыр, өткен заңдар біздің заманымыздың талабына ілесе алмауы мүмкін, бірақ біз оларды білуіміз керек, тарихымыздың рухани ескерткіштері ретінде сақталуына біз өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Адам баласы ғасырлар бойы жалғасқан тәрбиесін баяндайды, жинақтайды, одан әрі дамытады. Курс барысында тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен тарих сахнасындағы рөлі нақты көрсетілген. Бұл тұлғалардың қайсысы мықты деп бөлуге болмайды, барлығы да жеке дара тарихта өз орнын нық басқан деп сеніммен айта аламыз», – дейді.

«Ұлы тарихи тұлғалар тарихы» авторлық бағдарламасы қазақ тарихындағы хандар мен билер, батырлар мен жыраулар туралы бір ізге түсірілген, жып-жинақы, ұғынықты тілдегі еңбек. Мұнда Жошы ханнан бастап, Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр, Абылай және Кенесары хандар жайында мектеп оқушысы, қазақтың әр баласы білуге тиіс мағлұмат бар. Көшпелі қоғамда сөз өнерін пір тұтқан, көмейінен жыр құйылған жыраулар зор беделге ие болған. Қазақ халқы үшін ұрпақтан ұрпаққа жеткен жыр-дастандардың маңызы өте зор. «Халық қадірқа тұтқан жыраулар» бөлімінде Асан қайғы, Сыпыра жырау, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет, Марғасқа, Жиенбет, Ақтамберді, Тәттіқара жыраулардың тарих бетінде бедерленген рухани мол мұрасы айшықталған. Қазақ жеріндегі билер институтының көрінісі Ақша би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің даналық иірімдерімен өрілген. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел қорғаған қазақ батырларынан Қарасай батыр, Ағынтай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Өтеген, Баян батырлардың аттары авторлық еңбекте қамтылып, олардың ерлік даңқы мен тарихта алған орны баян етілген.

Авторлық бағдарламаның жас ұрпақтың тарихын танып, елін, жерін сүйетін, азаматтық ұстанымы берік тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Тәуелсіздік – әрбір халықтың, әрбір мемлекеттің ең қастерлі, ең асыл ұғымы. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Конституциялық заңды қабылдады. Осы заң арқылы еліміз өз егемендігін ресми түрде жариялап, халықаралық аренада дербес мемлекет ретінде танылды. Бұл күн – ғасырлар бойы азаттықты аңсаған қазақ халқының арманының орындалған сәті.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі бірнеше ғасырларға созылды. XV ғасырда Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен құрылған Қазақ хандығы – қазақ мемлекеттілігінің бастау бұлағы болды. Бірақ XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясының отарлау саясаты нәтижесінде қазақ елі өз тәуелсіздігінен айырылды. XX ғасырдың басында Алаш арыстары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және басқалары ұлттық сана мен азаттық идеяларын көтерді. Алайда Кеңес өкіметінің орнауымен қазақ халқы саяси еркіндігінен тағы айырылды. Дегенмен ұлттың тәуелсіздікке деген ұмтылысы ешқашан сөнген жоқ. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – соның айқын дәлелі. Қазақ жастарының әділет пен теңдік жолындағы сол ерлігі Тәуелсіз Қазақстанның бастауы болды.

Бұл күн – қазақ халқының жаңа дәуірге, жаңа өмірге қадам басқан тарихи белесі еді. Тәуелсіздік күні – Қазақстандағы ең басты мемлекеттік мереке. Ол халықтың бірлігін, елдің

тәуелсіздігін, ұлттық құндылықтарын дәріптейді. Тәуелсіздік мерекесі күні мемлекеттік деңгейде салтанатты жиындар, концерттер, көрмелер ұйымдастырылады, әлеуметтік, мәдениет, ғылым, спорт саласында ерекше еңбегімен көзге түскен азаматтарға мемлекеттік марапаттар табысталады, жастарға патриоттық тәрбие беруге бағытталған іс-шаралар өткізіледі.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан көк байрағын, елтаңбасын, әнұранды қабылдады. Өзінің ұлттық валютасы – теңгені енгізді. Әлемдік қауымдастықта БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты ұйымдардың белсенді мүшесіне айналды. Экономика мен мәдениетте, ғылым мен спортта да үлкен жетістіктерге жетті.

Тәуелсіздік күні – тек тарихи дата емес, ол қазақ халқының рухын көтеретін, болашаққа сеніммен қарауға жол ашатын қасиетті мереке. Әрбір азамат осы күнді мақтанышпен қарсы алып, азаттықтың қадірін ұмытпауы тиіс.

Тәуелсіздік тек өткеннің жеңісі емес, ол – болашаққа аманат. Бүгінгі



ұрпақ тәуелсіздіктің қадірін біліп, оны қорғау мен нығайту жолында еңбек етуі тиіс. Ел болашағы – жастардың қолында. Сондықтан білімді, отансүйгіш, жауапты ұрпақ тәрбиелеу – тәуелсіздіктің ең басты міндеттерінің бірі. Тәуелсіздік – бізге ата-бабамыздың қаны мен жанымен келген қасиетті ұғым. Оны сақтау – барша қазақстандықтың парызы мен мақтанышы. Тәуелсіздік маған: еркіндік пен жауапкершілікті сезінуді, тілім мен дәстүрімді қадірлеуді, болашаққа сеніммен қарауды білдіреді. Бұл мерекеде мен елімнің тарихын еске алып, бүгінгі жетістіктеріне қуанып, болашаққа үмітпен қараймын.

Қазақстан – жас, бірақ беделді мемлекет. Еліміздің көк байрағы мәңгі желбіреп, тәуелсіздік туы ешқашан жығылмасын!

Айым ТАҢАТАРОВА,
Жетісу облысының мемлекеттік архивінің архивисі



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

Төл өнім – тек нарықтағы тауар емес, ұлттық болмыстың, мәдениеттің және экономиканың ажырамас бөлігі. Оның құндылығы тек сапасы мен ерекшелігінде ғана емес, сонымен қатар, тарихында, халықтың өмір салтымен байланысында жатыр. Оны қолдау – ұлттық экономиканы дамытуға, мәдениетті сақтауға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға үлес қосатын маңызды міндет. Бұл үшін мемлекеттік қолдаумен қатар жеке кәсіпкерлердің, азаматтардың белсенділігі және тұтынушылардың саналы таңдауы қажет.

Бұл күнде пицца, суши, тәттіге малынған құлпынай, дубайлық шоколад пен балмұздақты білмейтін адам кемдекем. Кәріс, батыс асханасымен көпшілікті өзіне баурайтын мейрамханалар қатары көп-ақ. Ал, «төл өнім, ұлттық тағамдарымыз ана тілімізде қаншалықты насихатталып жүр?» деген сауал әрқайсымыздың санамызда сайрап тұрғаны жасырын емес. Осы орайда «Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасы» ММ ұйымдастыруымен «Үздік ас мәзірі» байқауының қорытындысы жарияланды. Мұндағы мақсат мемлекеттік тілде сапалы қызмет көрсетіп, ас мәзірін тіл мәдениетіне сай, сауатты және тартымды безендірген кәсіпкерлерді ынталандыру, мемлекеттік тілдің қолданылуын көпшілік ортада наси-

ҮЗДІК АС МӘЗІРІ

хаттау болып табылады. Облысымызға қарасты аудан-қалалардан 10 өтінім келіп түскен, байқау қорытындысына сәйкес Талдықорғанда орналасқан дәм мен дәстүр үндестігін қатар ұстанған «Sirne kz» мейрамханасы бас жүлдеге лайық деп танылды. Қазақи меймандостық пен ұлттық ерекшеліктерді сақтай білген этнобағыттағы мейрамхана тек тағамды ғана ұсынып қоймай, қазақ халқының ұлттық киімдерінен бастап, тарихы, музыкасына дейінгі мәдениетін де көрсетеді. Жылы, жайлы атмосфера әр тұтынушыны қазақ даласының аясына алып келеді. Мейрамхана қызметкерлері салт-дәстүрлер, тағамдардың дайындалуы, құрамы және тарихы туралы ақпарат береді. Марапат иегерлері «Қазақ дастарханы — ұлттық дәстүр мен ырыс-берекенің символы. Отбасылық, рухани және мәдени байланыстардың нышаны, ұлттық дәстүрлердің айқын көрінісі. Мұндағы әрбір тағам, әрбір ыдыс – тарихтың, дәстүрдің және қазақ халқының өмір салтының айғағы. Қазақ дастарханының ерекшелігі де оның молшылығында, алуан түрлілігінде және тағамдардың дайындалу технологиясында»-дейді. Ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, құндылықтар мен салт-дәстүрді күн тәртібіне енгізу арқылы талғам мен рух қалыптасары анық. Ұйымдастырушылар негізгі болмыстан ажырамау қай-қайсымызға да міндет, оны сақтау және дамыту, насихаттау, келешек ұрпаққа жеткізу үздіксіз процесс болуы тиіс екендігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, осылайша өткенімен өзара ұштасқан болашағымызды қамтамасыз ете алатынымыз анық екенін атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БІЗДІҢ ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктерді заңсыз алу жүріп жатыр, оның нәтижесі қоғам мүдделерін бұзу және мемлекеттік билік беделін төмендету болып табылады.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсатта пайдалануды тиімсіз және мүмкін емес болатындай барлық шараларды қабылдап, одан әрі де жағдай жасайтын болады.

Сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық салаларына: экономикаға, әлеуметтік салаға, саясатқа кері әсерін тигізеді. Осы құбылыстан туындайтын теріс салдарлар

қоғамның прогрессивті, үдемелі дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, елдің ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне елеулі қатер төндіреді.

Сыбайлас жемқорлық жаңа заманауи жағдайларға бейімделе отырып, онымен күресу тәсілдерін үнемі өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру – мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түсіну және қабылдау – бүкіл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

М. ШАКЕНОВ,
«Талдықорған қаласының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бөлім басшысы

ВАЖНОСТЬ ИММУНИЗАЦИИ

Иммунизация (иммунопрофилактика, вакцинация) – это процесс, благодаря которому человек приобретает иммунитет, или становится невосприимчивым к инфекционной болезни, путем введения вакцины. Защиту организма от возбудителей инфекционных заболеваний осуществляет иммунная система.

Она способна защитить ребёнка от постоянно окружающих нас микроорганизмов (кишечной палочки, стрептококков и других), но не всегда в силах справиться с возбудителями дифтерии, вирусного гепатита «А» и «В», столбняка, коклюша, кори, рака шейки матки и других инфекционных заболеваний. Прививки, полученные в детстве, в большинстве случаев, создают основу иммунитета против отдельных инфекций на всю жизнь.



Вакцины защищают нас на протяжении всей жизни и в любом возрасте – сразу после рождения, в детстве, в подростковом возрасте и до самой старости. Узнайте у вашего врача, как и когда вы или ваш ребенок можете получить прививки.

Откладывая вакцинацию, мы подвергаем себя риску серьезно заболеть.

Каждый человек имеет право сделать свой выбор – прививаться или нет, но родители должны знать, что отказываясь от прививок, они лишают своих детей прав на здоровье.

Родители! Отказываясь от прививок, Вы не только лишаете защиты своего ребенка, но и подвергаете опасности других детей, а также способствуете распространению инфекционных заболеваний в обществе.

Важно подчеркнуть, что современная медицина не имеет пока более эффективного средства профилактики инфекционных заболеваний, чем вакцинация.

Вакцинация безопасна и обычно вызывает незначительные и временные побочные эффекты, например, боль в руке или небольшое повышение температуры тела, покраснение в месте укола. Возможны и более серьезные побочные эффекты, однако они встречаются крайне редко.

Любая лицензированная вакцина перед выдачей разрешения на ее использование проходит тщательную проверку в рамках нескольких фаз клинических исследований, а после внедрения является объектом регулярной оценки и контроля.

Национальный календарь прививок Республики Казахстан – документ, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан № 612 от 20 сентября 2020г, о перечне заболеваний против которых проводятся профилактические прививки в рамках гарантированного объема медицинской помощи, правил, сроков их проведения и групп населения, подлежащих профилактическим прививкам.

Национальный календарь профилактических прививок Республики Казахстан соответствует лучшим мировым практикам, предусматривает вакцинацию против 21 инфекционных заболеваний.

Ежегодно в стране проводится вакцинация около 5 млн. чел., в том числе 1,3 млн. детей.

Вакцинация проводится обученными кадрами: врачами и средним медицинским персоналом, имеющих допуск на проведение прививочной работы.

Государство гарантирует доступность профилактических прививок, их бесплатное проведение в организациях систем здравоохранения.

Граждане при проведении вакцинации имеют право на получение полной и объективной информации о вакцине и необходимости профилактических прививок, последствиях отказа от них и возможных поствакцинальных осложнениях, на медицинский осмотр перед профилактическими прививками

Инфекционные заболевания, несмотря на развитие, укрепление и совершенствование систем здравоохранения, создание новых лекарственных средств для лечения и профилактики, способов выявления и диагностики будут существовать рядом с человеком.

Обезопасьте себя и своих близких от инфекций! Сделайте прививку! Будьте здоровы!

С. АХАН,
руководитель Талдыкорганского городского управления санитарно-эпидемиологического контроля

Р. МЕЙНБЕКОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского управления санитарно-эпидемиологического контроля

РОЛЬ ФЕЛЬДШЕРА В ПЕРВИЧНОМ МЕДИКО-САНИТАРНОМ КОНТРОЛЕ СПОРТСМЕНОВ

Работа фельдшера в физкультурном диспансере начинается с первичного медико-санитарного контроля, который является основой безопасных тренировок и позволяет вовремя предотвратить нежелательные последствия физических нагрузок.

Фельдшер проводит осмотр, измеряет давление, частоту пульса, оценивает состояние дыхательной системы, проверяет анамнез и наличие хронических заболеваний. Особое внимание уделяется подросткам и лицам, начинающим заниматься спортом после длительного перерыва. Такой контроль помогает определить уровень готовности организма, подобрать оптимальный режим тренировок и предупредить развитие перенапряжения. Фельдшер не просто фиксирует показатели, но и анализирует их в динамике, формируя индивидуальные рекомендации, которые становятся ориентиром для тренера и самого спортсмена. Благодаря этому удаётся повысить эффективность тренировочного процесса, избежать перегрузок и создать условия для системного укрепления здоровья.

Фельдшер проводит осмотр, измеряет давление, частоту пульса, оценивает состояние дыхательной системы, проверяет анамнез и наличие хронических заболеваний. Особое внимание уделяется подросткам и лицам, начинающим заниматься спортом после длительного перерыва. Такой контроль помогает определить уровень готовности организма, подобрать оптимальный режим тренировок и предупредить развитие перенапряжения. Фельдшер не просто фиксирует показатели, но и анализирует их в динамике, формируя индивидуальные рекомендации, которые становятся ориентиром для тренера и самого спортсмена. Благодаря этому удаётся повысить эффективность тренировочного процесса, избежать перегрузок и создать условия для системного укрепления здоровья.



Фельдшер проводит осмотр, измеряет давление, частоту пульса, оценивает состояние дыхательной системы, проверяет анамнез и наличие хронических заболеваний. Особое внимание уделяется подросткам и лицам, начинающим заниматься спортом после длительного перерыва. Такой контроль помогает определить уровень готовности организма, подобрать оптимальный режим тренировок и предупредить развитие перенапряжения. Фельдшер не просто фиксирует показатели, но и анализирует их в динамике, формируя индивидуальные рекомендации, которые становятся ориентиром для тренера и самого спортсмена. Благодаря этому удаётся повысить эффективность тренировочного процесса, избежать перегрузок и создать условия для системного укрепления здоровья.

ПРОФИЛАКТИКА СПОРТИВНЫХ ТРАВМ

Фельдшер в физкультурном диспансере играет ключевую роль в профилактике спортивных травм, что особенно актуально на фоне роста интенсивности занятий и расширения доступности фитнеса.

Он оценивает состояние суставов, мышц, связок, выявляет слабые зоны и определяет нарушения осанки или биомеханики, которые могут стать причиной травм. Благодаря наблюдению за спортсменом в динамике фельдшер способен заранее увидеть признаки перенапряжения, дать рекомендации по снижению нагрузки или коррективке техники. Он обучает правилам разминки, растяжки, использованию защитного инвентаря и правильному распределению тренировочного времени. Такая профилактическая работа снижает вероятность травм, повышает дисциплину спортсменов и помогает тренерам выстраивать более грамотные программы подготовки.

ФЕЛЬДШЕР В СИСТЕМЕ ДОПУСКА К ТРЕНИРОВКАМ И СОРЕВНОВАНИЯМ

Одной из главных обязанностей фельдшера в физкультурном диспансере является выдача медицинского допуска, который подтверждает, что спортсмен может безопасно участвовать в тренировках и соревнованиях.

Фельдшер проводит осмотр, анализирует результаты обследований, оценивает хронические заболевания, последствия травм и общее состояние. Он определяет, нет ли противопоказаний к физическим нагрузкам, и при необходимости направляет на дополнительные исследования. От качества этого допуска зависит безопасность спортсмена, успешность подготовки и предотвращение критических ситуаций на площадке. Фельдшер также контролирует состояние после заболеваний и принимает решение о возвращении в тренировочный процесс.

МОНИТОРИНГ СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТОЙ СИСТЕМЫ У СПОРТСМЕНОВ

Фельдшер регулярно проводит контроль сердечно-сосудистой системы, поскольку физические нагрузки напрямую влияют на работу сердца, а многие спортсмены не замечают тревожных симптомов на ранних этапах.

Он измеряет давление, частоту пульса в покое и после нагрузки, оценивает восстановление, выявляет аритмии и проводит тесты, позволяющие определить переносимость тренинга. Особое внимание уделяется людям, имеющим наследственную предрасположенность к сердечным заболеваниям. Мониторинг позволяет вовремя выявить отклонения, предупредить переутомление и корректировать тренировочный процесс. Благодаря контролю сердечного ритма и реакции организма фельдшер помогает обеспечить безопасность занятий и повысить их эффективность.

ЭКСТРЕННАЯ ПОМОЩЬ В СПОРТЕ

Экстренная помощь в спорте играет ключевую роль в обеспечении безопасности спортсменов, и именно фельдшер становится первым специалистом, который принимает на себя ответственность в момент получения травмы или внезапного ухудшения состояния участника соревнований.

Во время спортивных мероприятий фельдшер обязан находиться рядом с площадкой, внимательно наблюдая за ходом соревнований и оценивая потенциальные риски, связанные с высокой физической нагрузкой. В его обязанности входит мгновенная реакция на любые повреждения: он проводит первичный осмотр спортсмена, быстро определяет характер травмы, останавливает кровотечение, проводит иммобилизацию конечностей при подозрении на переломы, устраняет последствия ушибов и растяжений. Важной частью его работы является профилактика теплового удара, обезвоживания и перегрева организма, что особенно актуально при соревнованиях на открытом воздухе. Фельдшер всегда должен иметь при себе аптечку с необходимыми препаратами, перевязочными материалами и оборудованием, а также заранее проверять их комплектность и готовность к использованию. Он взаимодействует с судьями, тренерами и организаторами, оперативно сообщает им о состоянии спортсмена и при необходимости принимает решение о снятии участника с соревнований для предотвращения более серьезных последствий. Его уверенные и грамотные действия позволяют уменьшить риски осложнений и сохранить здоровье спортсменов, обеспечивая высокий уровень медицинской поддержки на спортивных мероприятиях.

ОРГАНИЗАЦИЯ ВОССТАНОВЛЕНИЯ ПОСЛЕ НАГРУЗОК

Восстановление — неотъемлемая часть тренировочного процесса, и фельдшер помогает спортсменам грамотно восстанавливать силы после нагрузок.

Он объясняет важность режима сна, правильного питания, гидратации, растяжки и чередования активности с отдыхом. Фельдшер оценивает признаки переутомления, такие как снижение работоспособности, мышечные боли или нарушения сна, и корректирует режим тренировок. Он использует методы функциональной диагностики, чтобы отслеживать динамику состояния и рекомендовать оптимальное восстановительное время. Благодаря такой работе повышается результативность занятий и снижается риск перетренированности.

САНИТАРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНАЯ РАБОТА ФЕЛЬДШЕРА

Санитарно-просветительная работа фельдшера в спортивном коллективе является важнейшим направлением профилактики травматизма и укрепления здоровья спортсменов, поскольку именно грамотное информирование участников команд позволяет предупреждать большинство распространенных нарушений.

Фельдшер регулярно проводит беседы о правилах личной гигиены, правильном восстановлении после тренировок, профилактике инфекционных заболеваний и вреде самолечения, объясняя, как несоблюдение элементарных норм может привести к снижению спортивных результатов и повышению риска травм. Он обучает спортсменов методам самостоятельного контроля состояния организма, помогает формировать навыки рационального питания и корректного питьевого режима, что особенно важно при интенсивных физических нагрузках. Большое значение имеет его участие в разборе типичных спортивных травм: фельдшер рассказывает, как правильно разогреваться, какие упражнения помогают укрепить мышцы и связки, а какие ошибки чаще всего приводят к растяжениям и ушибам. Неотъемлемая часть работы — проведение мини-лекций и инструктажей по профилактике перегрева, переохлаждения, усиленного пототделения и обезвоживания, а также напоминание о важности соблюдения режима сна и отдыха. Фельдшер активно взаимодействует с тренерами, помогая разрабатывать безопасные тренировочные планы и контролируя гигиеническое состояние спортивных помещений, душевых и раздевалок. Его санитарно-просветительная деятельность способствует формированию у спортсменов ответственного отношения к собственному здоровью, повышает их осведомленность и создаёт безопасную, дисциплинированную и здоровую спортивную среду.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ФЕЛЬДШЕРА С ТРЕНЕРОМ И СПЕЦИАЛИСТАМИ ДИСПАНСЕРА

Фельдшер тесно взаимодействует с тренерами, врачами и специалистами диспансера, обеспечивая комплексный подход к подготовке спортсменов.

Он передаёт тренеру сведения о состоянии здоровья, рекомендует корректировку нагрузки, информирует о временных ограничениях и контролирует динамику восстановления. Такое сотрудничество позволяет выстроить индивидуальный тренировочный процесс, снизить риск травм и повысить эффективность подготовки. Единство работы медицинской и тренерской команды обеспечивает спортсменам более высокий уровень безопасности.

ПИТАНИЕ И ГИДРАТАЦИЯ СПОРТСМЕНОВ

Фельдшер консультирует спортсменов по вопросам питания, объясняя значение баланса макро- и микронутриентов, времени приёма пищи и особенностей питания перед тренировкой и после неё.

Он формирует индивидуальные рекомендации с учётом возраста, образа жизни, интенсивности тренировочного процесса и целей спортсмена. Важной частью является контроль гидратации, так как обезвоживание снижает выносливость и повышает риск травм. Фельдшер объясняет, сколько и когда нужно пить, как восстанавливать электролиты и какие продукты выбирать для поддержания энергии. Его рекомендации помогают спортсменам повысить результативность и избежать нарушений обмена веществ.

Динара ОРАЗГАЛИЕВА,
Областной врачебно-физкультурный диспансер г. Талдыкоргана



ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 20 ЖЫЛ

Жетісу облысы Халыққа қызмет көрсету орталығы 20 жылдығын атап өтуде. Бұл – үлкен еңбек пен жауапкершіліктің, табандылықтың мерекесі. Осы орайда халыққа қызмет көрсету саласында көп жыл еңбек етіп, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру жолында өз үлесін қосып келе жатқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Жетісу облысы бойынша филиалының, Бақылау және Сапа басқармасының басшысы Мүлікбай Айдос Серікұлымен арнайы әңгімелесіп қайттық.

— **Айдос Серікұлы, осы екі онжылдық аралығында ХҚКО-да талай өзгерістер енді, цифрлық сервистерге бейімделіп, халыққа қызмет көрсетудің жаңа деңгейіне өтті. Сол туралы қысқаша айтып берсеңіз.**

— Қазақстанда алғашқы ХҚКО 2005 жылдың аяғында «бір терезе» қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсете бастады. Өңірдегі тұңғыш халыққа қызмет көрсету орталығы Талдықорғанда 2006 жылы ашылды. Кейін біртіндеп аудандарда бөлімдер құрыла бастады. Өуел баста орталық мамандары небәрі 30 қызмет түрін көрсетсе, қазіргі таңда 1300-ден астам мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Нақты уақытта облыс бойынша 10 ХҚКО және 1 МХҚКО бар. 20 жылдың ішінде облыс бойынша 20 миллионға жуық адамға қызмет көрсетілді. Қазір бұрынғыдай түрлі кабинеттерді аралап, құжат жинап, апта-лап уақыт өткізу қажет емес. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттік қызметтер электронді түрде, бірнеше минут ішінде қолжетімді.

Әсіресе, проактивті және композитті қызметтер азаматтар үшін үлкен жеңілдік әкелді.

Күйбелең тірлікке толы қазіргі заманда Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, жол шығынын немесе уақытыңызды жоғалтудың қажеті жоқ. «ЦОН» мобильді қосымшасын ұялы телефоныңызға жүктеп алып, үйден шықпай-ақ операторлармен бейнеқоңырау арқылы түрлі мемлекеттік қызметтерді ала аласыз. Сонымен қатар, кезекті алдын ала брондау мүмкіндігі де бар. Бұған қоса, «Жеке менеджер» жобасы аясында келісімшартқа отырып, қағаз жеткізгіш нысандағы құжаттарды рәсімдеуге тапсырыс беруге болады. Яғни, бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылғаны рас, жеткен жетістіктерге қарамастан, алда бұдан да биік мақсаттар мен міндеттер күтіп тұр.

— **Жаңа, өзіңіз атап кеткен ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған ыңғайлылықтарға толығырақ тоқталсақ.**

— Азаматтарға арналған үкімет ерекше



қажеттілігі бар азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімді және ыңғайлы болуын қадағалап, осы бағытта барынша жағдай жасап келеді. Қазіргі таңда еліміздегі ХҚКО-ларда пандустар, шақырту тетіктері, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары орнатылып, арнайы жеңілдік терезелері жұмыс істеуде. Ал I және II топтағы мүгедектігі бар тұлғалар 1414 нөміріне қоңырау шалып немесе gov4c.kz сайтында өтініш қалдырып, қызметкерлерді үйге шақырта алады.

— **Айдос Серікұлы, ХҚКО саласында 16 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан қызметкердің бірісіз. Осы орайда, өзіңіздің еңбек жолыңыз туралы айтып кетсеңіз.**

— 2025 жыл – халқымыздың тарихында

айрықша орын алатын кезең! Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл бастама кәсіби еңбек иелерінің қоғамдағы мәртебесін арттырып, ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегін жоғары бағалауды мақсат етеді. Президентіміздің «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады» деген сөзі мен үшін ерекше маңызға ие.

Мен де мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы еңбек жолымды 2009 жылы Алматы облысы Көксу аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында құжаттарды қабылдау инспекторы ретінде бастадым. Сол кезден бастап, кеңесші, жинақтау секторының маманы, ментор, операциялық залдың басшысы, бөлім басшысының орынбасары, бөлім басшысы сияқты түрлі қызметтерде жұмыс істедім. 2022 жылдың ақпан айында «Бақылау және сапа басқармасының басшысы» лауазымына тағайындалып, бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласында өз үлесімді қосып келемін. Осы еңбегімнің нәтижесінде Мемлекеттік корпорация тарапынан 20 жылдық арнайы медалімен марапатталдым. Алдағы уақытта да Жаңа Әділетті Қазақстан құру жолында, ел игілігі үшін қызмет етуге дайынмын.

Барша филиал ұжымын, қызметкерлерді осындай үлкен мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Жемісті күндер көп болсын!

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

НАЗАРҒА АЛ!

1 ЖЕЛТОҚСАННАН БАСТАП ЕЛДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ?

1 желтоқсаннан бастап Қазақстанда бірнеше салада жаңа ережелер күшіне еніп, халықтың күнделікті өміріне ықпал ететін өзгерістер болуда. Автокөлік сатып алу мәселері кеңейіп, әуе қатынасы дамуда, қауіпсіздік шаралары күшейеді, ал білім беру мен қаржы секторында жаңа мүмкіндіктер пайда болады, деп хабарлайды Sn.kz ақпарат порталы.

АВТОКӨЛІККЕ ЛИЗИНГ: ЖАҢА МҮМКІНДІК

Жеке тұлғаларға арналған автолизинг бағдарламасы ресми түрде іске қосылады. Енді азаматтар автокөлікті ұзақ мерзімді жалға алып, кейін толық сатып алуды немесе автосалонға қайтаруды таңдай алады. Шарттарды лизинг беруші ұйымдар өздері белгілейді: төлем мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, айыппұлдар мен пробег шектеулері әр компанияда өртүрлі болады. Бұл бағдарлама автонесиemen қатар нарықтағы сұранысты арттыруға бағытталған.

ӘУЕ ҚАТЫНАСЫНДА ЖАҢА БАҒЫТТАР

Желтоқсан айынан бастап бірнеше жаңа рейс ашылады: Thai AirAsia X Бангкок – Алматы бағыты бойынша аптасына төрт рет тікелей рейс орындайды.

SCAT авиакомпаниясы Түркістаннан Бухара, Үргеніш және Самарқандқа тұрақты ұшуларды іске қосады.

FlyArystan Астана – Үрімжі бағытын 1 желтоқсаннан 31 наурызға дейін қайта жүзеге асырады.

18 желтоқсанда «Белавия» Минск – Алматы рейстерін жаңартады.

14 желтоқсаннан бастап Алматы – Ташкент жолаушылар пойызы күн сайын жүреді. Уақыты – 17 сағат 38 минут.

Жаңа бағыттар өңірлер арасындағы туризмді күшейтуге және жолаушылар ағымын арттыруға бағытталған.

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Денсаулық сақтау министрлігінің жаңа ережелері күшіне енеді. Бұдан былай: Қазақстаннан тыс жерде өндірілген дәрі-дәрмек 5 жылдық мерзімге тіркеледі; Қазақстанда өндірілген дәрілік заттар мен барлық медициналық бұйымдар мерзімсіз тіркеуге ие болады. Бұл реформаның мақсаты – отандық фармацевтика саласын қолдау.

ҚАУІПСІЗДІК РЕЙДТЕРІ БАСТАЛАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында ІІМ мен ТЖМ ел бойынша кең көлемді профилактикалық іс-шаралар өткізеді:


«Газбаллон» – тұрмыстық газ жабдықтарын пайдалану тәртібі тексеріледі.

«Қауіпсіз Жаңа жыл» – мерекелік іс-шара өтетін нысандардағы эвакуациялық жолдар, өрт дабылдары, қауіпсіздік жүйелері қаралады.

«Пиротехника» – фейерверк, петарда сататын және сақтайтын орындардағы заң бұзушылықтарға бақылау күшейеді. Бұл шаралар апаттардың алдын алып, мерекелік кезеңдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

QARJY SAGSHYSY ОЙЫНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

1 желтоқсаннан бастап мектептер мен колледждерде қаржылық сауаттылыққа арналған арнайы ойын өткізілуде. Жоба жасөспірімдерді: құмар ойындардан, фишингтен, телефон алаяқтарынан, қаржылық пирамидалардан, дропперлік қылмысқа тартылудан қорғауды көздейді.



ҚАУІПСІЗДІК

ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ БАЛЛОНДАРЫ ЖАРЫЛУЫНЫҢ 5 ЖАҒДАЙЫ ТІРКЕЛДІ



Жетісу облысында жыл басынан бері 380 өрт оқиғасы тіркелді. Оның ішінде газ баллоны жарылған 5 жағдайда 5 адам түрлі жарақат алды. Осындай ақпаратпен Жетісу облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Манарбеков пен «Талдықорған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысының м.а Жұлдыз Имангазиева БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында бөлісті.

ондаған көлік құралдары тексерілді.

Талдықорған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі маманының айтуынша, тұрмыстық газ баллонды қолданатын тұтынушылар - газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдығының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Екіншіден, тұрмыстық газ баллондарын пайдаланғанда сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің иесімен өздеріне тиесілі газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Атап өтейік, Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы заңына сәйкес, қабаты екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын сақтауға және пайдалануға, автогаз құю станцияларында сұйытылған мұнай газын тұрмыстық баллондарға құюға, толтыруға тыйым салынады.

ТЖД ТҰРҒЫНДАРҒА ЕСКЕРТЕДІ:

баллондарды тек мамандандырылған пункттерде ғана құю, жабдықты уақытылы техникалық қызмет көрсетуден өткізу, газ иісі шыққан жағдайда дереу вентильді жабу және мамандарды шақыру қажет. Баллондарды жерасты, цокольді қабаттарда және тұрғын бөлмелерде сақтауға қатаң тыйым салынады.

Арай НҰР

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1265 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қоя кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.